

Әлеуметтік қамқорлық және қамқорлыққа алу



Жоспар:

- 1. Қорғаушылық пен қамқоршылық мақсаты, міндеттері.
- 2. Бала асырап алудың жолдары

- **Қорғаушылық пен қамқоршылық мақсаты-** ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбилеу болып табылады. Өркениетті қоғам мен мемлекет ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және көмекке мұқтаж балаларды дер кезінде табуды өзінің алдына басты мақсат етіп қояды. Осы міндеттерді орындау жүктелген арнаулы мемлекеттік органдар- қорғаушылық пен қамқорлық органдары жұмыс істейді. Бұл органдар мұндай балаларды іздеп тауып қана қоймай, оларды орналастыру және олардың тұрмыс жағдайларын бақылау міндеттерін жүзеге асыруы тиіс.

- Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және отбасына тәрбиелеуге берілуі тиіс балалар міндетті мемлекеттік есепке алынуы керек. Ол үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың есебін алуды ұйымдастыру ережесі бекітілген.
- Елімізде балаларға қамқорлық көрсету, оларды мемлекеттік қолдау балалар үйлері мен интернат мекемелері жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

- Қорғаушылық пен қамқоршылықты белгілеу қорғаушы немесе қамқоршы адамды тағайындау жолымен іске асырылады. Бұл адамдарды қорғаушылық және қамқоршылық органдары тағайындайды. 14 жасқа толмаған балалар қорғаушылыққа алынады, ал қамқоршылық 14-18 жастағы кәмелетке толмаған балаларға жасалады. Кәмелетке толған, іс-әрекетке қабілеттері бар азаматтар ғана қорғаушылар және қамқоршылар бола алады. Бұлардан басқа, жеке басының сапасы, жасы, денсаулық жағдайы ескеріледі.

Баланың қорғаушысының құқықтары мен міндеттері:

- -баланы тәрбиелеуге, оның денсаулығына, рухани және ізгілік адамгершілік көзқарастарының дамуына қамқорлық жасауға құқықты әрі міндетті;
- -баланың пікірін, қорғаушылық және қамқоршылық органының ұсыныстарын ескере отырып, баланы тәрбиелеудің тәсілдерін өз еркімен дербес белгілеуге құқықты;

- -өзінің қамқорлығындағы баламен бірге тұруға міндетті. Қамқорлығындағы бала 16-ға толғанда қорғаушылық және қамқоршылық органының келісімімен бөлек тұруларына жол беріледі;
- -қамқорлығындағы баланың өкілі болып табылады және заңға сәйкес кез-келген азаматтық-құқықтық мәмілелер жасай алады.


Қамқоршының қорғаушыдан айырмашылығы кәмелетке толмаған бала жасына байланысты, өзі дербес жасай алмайтын мәмілелер жасауға келісім береді.

- Қорғаушылар мен қамқоршылар өз міндеттерін ақша талап етпей тегін орындайды және олардың құқықтарының белгілі мерзімдік сипаты бар. Қамқорлығындағы адам 14 жасқа толғанда оған қамқорлық жасау тоқтатылады, ал қорғаушы міндетін атқарушы адам кәмелетке толмаған баланың қамқоршысы болады. Өз кезегінде, қамқоршылық қамқорлығындағы адам 18-ге толғанда немесе ол кәмелет жасына жетпей некеге тұрса тоқтатылады.

Бала асырап алу.

Ата-анасыз қалған балалардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін заң оларды асырап алу мүмкіндігін белгіледі.

Мемлекеттік мекемелерге қайтарылған және отбасына берілген балалар санының аяра қатынасы | %



ҚР ОАҒА-Әлеуметтік статистикалық бөлімсі меніметтеріне ісәләнбді. Ресурс: <https://stat.gov.kz>

- Мемлекет бала асырап алуды қолдайды, өйткені ата-анасынан айырылған балалар отбасылық қамқорлыққа бөленеді, тиісті тәрбие, материалдық жағдайға, ата-ананың сүйіспеншілігі мен мейіріміне ие болады. Екінші жағынан, балалы бола алмай жүрген отбасылар да көп. Бала асырап алу оларға өздерінің табиғи әкелік және аналық сезімдерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

- Бала асырап алу нәтижесінде, бір жағынан, бала асырап алушылармен және олардың туысқандарының арасында, асырап алынған бала арасында қандастығы бойынша туыстар арасындағы сияқты құқықтар мен міндеттер туындайды. Сонымен қатар асырап алушының туған балалары мен, егер ондай балалары болса, асырап алған балаларының арасындағы құқық тең деп танылады.

Заңда бала асырап аларда бірқатар шарттар көзделген:

- -бала асырап алушының келісімі;
- -баланың ата-анасының келісімі. Олардың келісімі жазбаша түрде беріледі және нотариус арқылы куәландырылады;
- 10 жасқа толған баланың келісімі. Баланың келісімі жазбаша толтырылады. 10 жасқа толмаған баланың келісімі қажет емес;
- -егер ерлі-зайыптылардың біреуі ғана асырап алатын болса, онда соның келісімі керек. Егер ерлі-зайыптылардың біреуі бұған қарсы болса, асырап алынған баланың мұндай отбасында тұруы қажетсіз. Бұдан басқа, бала асырап алу практикасы, әдетте, ерлі-зайыптылардың біреуінің ғана бала асырап алуына рұқсат етпейді. Балаға толыққанды, дұрыс бақытты отбасы керек.

- “Неке және отбасы туралы” Заңының 76-бабына сәйкес Қазақстанның жетім балаларын шетел азаматтарының асырап алуына жол беріледі. Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын балаларды Қазақстан Республикасының азаматтарына тәрбиелеуге беруге мүмкіндік болмаған жағдайда, шетелдіктерге тәрбиелеуге беруге болады.

- Баланы патронатқа тәрбиелеуге беру. Патронат-ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы шарт бойынша басқа азаматтардың отбасына тәрбиелеуге беретін тәрбиенің бір түрі. Бұл шарт баланы тәрбиелеуге алуға ықылас білдіретін адам мен қорғаушылық және қамқоршылық органы арасында жасалады. Бала патронат тәрбиешіге шартта көзделген мерзімге тәрбиелеуге беріледі. Бұл арада патронат тәрбиешіге баланы бағып күту үшін ай сайын ақша төленіп тұрады.

- Елімізде 2000 жылдың 13 желтоқсанында “Отбасылық тұрпатындағы балалар ауылдары мен жасөспірімдер үйлері туралы” Заңы қабылданды. Отбасы тұрпатындағы балалар ауылдары мен жасөспірімдер үйлері балаларды қоғамдық пайдалы еңбекке даярлауды, еңбек нарығы сұранысындағы мамандықтарға оқытуды, әрбір балаға жинақ қорын ашуды көздейді.
- Республикамызда отбасылық тұрпатындағы балалар ауылдары құрылып жұмыс істеуде. Бұл ауылдар жетім балаларды қорғаудың жаңа үлгісі болып табылады.
- Ауылдардың негізгі міндеті-тәрбиеленушілердің өздерінің қоғамға қажет екендіктерін сезінетіндей, отбасы жағдайында тәрбиеленіп жатқандай әсерлі жағдайлар туғызу кездейсоқ емес.

- Балалар деревнясының жанынан жасөспірімдер үйлері құрылуы мүмкін, олардың негізгі мақсаты- балалар деревнясының тәрбиеленушілері мен балалар үйлерін бітіргендерге әлеуметтік бейімделуден өтуге, қоғамға кірігуге, тәрбиеленушілердің кәсіби даярлығы мен еңбекке орналасуына көмектесу. Тәрбиеленушілер жасөспірімдер үйінде 23 жасқа дейін бола алады.

Қорғаушылық пен қамқоршылық органдардың міндеттері:

1. ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтауға, олардың тұрмыс жағдайын тексеруге, мұндай балалардың есебін жүргізуге және ата-анасының қамқорлығынан айрылуының нақты жағдайларына қарай балаларды орналастырудың нысандарын таңдауға, сондай-ақ олардың күтімі, тәрбиесі мен білім алуы жағдайларын одан әрі бақылауды жүзеге асыруға;
2. ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәлімет алған күннен бастап үш күннің ішінде баланың құқықтары мен мүдделерін қорғауды және бір айдың ішінде оны орналастыруды қамтамасыз етуге.

- Баланы отбасына тәрбиелеуге беру мүмкін болмаған жағдайда, ол туралы мәліметті баланы есепке алу және кейіннен Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматының отбасына тәрбиелеуге орналастыруға жәрдемдесу үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің білім беруді басқару органына жолдауға;
- 3. қорғаншылар мен қамқоршылардың қызметін бақылауды жүзеге асыруға, ол үшін жылына кемінде екі рет олардың өз міндеттерін орындауын тексеруге, сондай-ақ жыл сайын қорғаншылардың қамқорлығындағы адамның денсаулық жағдайы туралы, оларды тәрбиелеу жөніндегі жұмыстары туралы есеп беруін талап етуге;
- 4. ата-аналық құқықтарынан айыру немесе шектеу, ата-аналық құқықтарын қалпына келтіру, бала асырап алудың күшін жою немесе жарамсыз деп тану, жасы кәмелетке толмағандармен некені жарамсыз деп тану, сондай-ақ “Неке және отбасы туралы” Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес басқа да істер қаралған кезде сотқа қатысуға;
- 5. бала мен оны тәрбиелеуге тілек білдіретін адамдардың тұрмыс жағдайларын тексеруге;

- 6.он жасқа толған баланың асырап алуға келісімін анықтауға және ол үшін ұғынымды нысанда асырап алудың мәнін түсіндіруге;
- 7.баланы асырап алудың құпиясын сақтауға;
- 8.ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмаған балалардың, белгіленген тәртіппен жүйкесі науқас немесе ақыл-есі жетімсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған адамдардың мүлкінің қаттауын, сондай-ақ белгіленген тәртіппен, қайтыс болған немесе хабар-ошарсыз кеткен деп танылған және денсаулығы жағдайы бойынша өз бетінше өзінің құқықтарын қорғай алмайтын және өзінің міндеттерін атқара алмайтын кәмелетке толған адамдардың мүлкінің қаттауын жасауға;

- **9.** қатталған мүлікті қорғау шараларын қабылдауға;
- **10.** қорғаншылар мен қамқоршылардан өздерінің міндеттерін жүзеге асыруды талап етуге міндетті

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1. Сарыбаева И.С. Әлеуметтік жұмыстың әдістері мен технологиялары: Оқу құралы. Қазақ университеті, Алматы 2013ж.
- 2. Теория социальной работы. Под. ред. Е.И. Холостовой.-М., 1998.
- 3. Холостова.- Е.И., Кононов Л.И. Технология социальной работы: Учебник для бакалавров. Издательство: Дашков и К, 2016 г.-478 стр.